

**Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы N 1097 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 0 9 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Сейсмикалық қауіптілікті бағалау және жер сілкінісін болжау жөніндегі республикалық сараптау кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 қазандағы N 630 қаулысы (ҚазКСР ҚЖ, 1991 ж., N 23, 175-күжат).

2. "Қазақ КСР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 қазандағы N 631 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасының салалық кен-құтқару атқыламаларды тұмшалау және газ-құтқару әскерилендірілген бөлімдері және кен-құтқару ісінің бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының Қарағанды бөлімін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 тамыздағы N 724 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 34, 524-күжат), 4-тармағын қоспағанда.

4. "Азаматтық қорғаныс органдары қызметкерлері лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 ақпандағы N 113 қаулысы .

5. "Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайларда мемлекеттік басқару органдарын байланыспен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қазандағы N 981 қаулысы .

6. "Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында болуы мүмкін жер сілкіністерінің залалын азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысы .

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 836 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 265-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 4-тармағы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 27-тармағы.

9. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 25 қаулысы .

10. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесін бекіту және оларды құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1237 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 46, 507-құжат) 5-тармағының 1) тармақшасы.